

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка селолық округінің Лесные поляны селосы көшелеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі №15 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 шілдедегі № 10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 шілдеде № 4853 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка селолық округінің Лесные поляны селосы көшелеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі №15 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1909 тіркелді, 2012 жылғы 1 қарашада аудандық "Аққайың" және "Колос" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі тақырыбында және шешімнің мәтінінде, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

тақырыбы, мәтіні және шешімнің қосымшасы орыс тіліндегі өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О. Семенюк

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ О. Плищенко

2018 жылғы "10" шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің сәулет,
құрылыс, тұрғын үй- коммуналдық
шаруашылығы, жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
_____ Б. Омаров
2018 жылғы "10" шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК